Әділет

**N 1492 тіркелген "Аудиторлық ұйымдардың және несиелік рейтингтік агенттіктердің тізімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2001 жылғы N 173 бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2004 жылғы 19 шілдедегі N 294 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 10 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2990. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 3 қарашадағы N 434 бұйрығымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 3 қарашадағы* N 434 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 4-тармақтан *қараңыз) бұйрығымен.*

---

Бухгалтерлік есеп және аудиттің қазақстандық және халықаралық стандарттарына сәйкес қаржы жылының қорытындылары бойынша ұйымдардың жыл сайынғы аудитін тиімді жүргізу мақсатында бұйырамын:

1. "Аудиторлық ұйымдардың және несиелік рейтингтік агенттіктердің тізімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2001 жылғы N 173 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2001 жылғы 2 мамырда N 1492 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдары нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2001 жыл, N 25, " Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 2 мамырда N 1492 тіркелген "Аудиторлық ұйымдардың және несиелік рейтингтік агенттіктердің тізімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2001 жылғы N 173 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 396 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген аудиторлық ұйымдардың тізімінде:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"6. "BDO Қазақстан аудит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Алматы қаласы лицензиясының сериясы МФЮ N 0000276".

2. Бухгалтерлік есеп және аудит департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге шаралар қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күндік мерзімде осы бұйрықтың ресми жариялануы бойынша шаралар қабылдасын.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК